

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ «АШУ» ҰҒЫМЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ

Г.Т.ШҮКЕНАЙ\*

**Аңдатпа:** Мақалада түркі тілдеріндегі «ашу» психикалық жай-күй ұғымының семантикасы қарастырылады. «Ашу» психикалық жай-күйіне философиялық, психологиялық және лингвистикалық тұрғыда анықтама беріледі, оның тілде берілу тәсілдері, жасалу жолдары анықталған.

Түркі тілдеріндегі «ашу» психикалық жай-күйін білдіретін тұрақты сөз тіркестер мен мақал-мәтелдер жинақталып, салыстырмалы түрде талданады. Сонымен қатар, «ашу» ұғымының бейвербалды амалдармен берілуі сараланады. «Ашу» психикалық жай-күйіне қатысты қаһар, зіл, ыза, дольлық, айбар, реніш, кейіс, өшпенділік, кек, наразылық, өкпе сынды сөздердің семантикалық сипаты ашылады. «Ашу» ұғымының мағынасына қатысты түркі тілдеріндегі ортақтық және ерекшелік айқындалады.

«Ашу» ұғымын білдіретін лексика зат есім, сын есім, етістік, одағай, еліктеуіш сөзден жасалады. Мақалада «ашу» психикалық жай-күйіне байланысты тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер жинақталып, талданды.

«Ашу» психикалық жай-күйінің тілдік емес белгілеріне мимика, пантомимика, бет-әлпеттің түр-түсі, дауыс ырғағы, жүрек соғысы, секреторлы бездер қызметі, тыныс алу қызметі, дене температурасы жатады.

«Ашу» психикалық жай-күйі соматикалық қимыл-қозғалыстар арқылы, қарапайым, бейпіл сөздер, бұйрық мәнді зілді сөздер, интонация, эмоционалды сөздер арқылы беріледі.

**Кілт Сөздер:** *Психикалық Жай-Күй, Эмоционалды Лексика, Тілдік Агрессия, «Ашу» Ұғымын Білдіретін Лексика, Бейвербалды Амалдар.*

### Semantics of the Concept of "Opening" in Turkish Languages

**Abstract:** The article examines the semantics of the mental state concept "anger" in Turkic languages. The mental state of "anger" is defined philosophically, psychologically and linguistically, the ways of its expression in the language and the ways of creation are determined.

Regular phrases and proverbs expressing the mental state of «anger» in Turkic languages are collected and comparatively analyzed. In addition, the concept of «anger» is differentiated by non-verbal methods. Regarding the mental state of «anger», the semantic character of words such as anger, anger, anger, fullness, resentment, resentment, grief, hatred, revenge, protest, anger is revealed. Commonalities and differences in Turkic languages regarding the meaning of the concept of «anger» are determined.

The lexicon representing the concept of «anger» is made up of nouns, adjectives, verbs, simple words, and similes. In the article, regular phrases and proverbs related to the mental state of «anger» were collected and analyzed.

Non-linguistic signs of the mental state of «anger» include facial expressions, pantomime, facial expression, tone of voice, heartbeat, secretory gland function, respiratory function, body temperature.

"Anger" mental state is conveyed through somatic movements, simple, calm words, commanding meaningful words, intonation, emotional words.

**Key Words:** *Mental State, Emotional Vocabulary, Linguistic Aggression, Vocabulary Expressing The Concept Of «Anger», Non-Verbal Actions.*

Тіл қатынас құралы қызметін атқарып, ойды жарыққа шығарып қана қоймайды, сонымен бірге адамның әрқилы көңіл толқындары мен жан тебіреністерін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін де атқарады.

Адамның жан дүниесіндегі жақсы көру мен жек көру, ашулану мен рақат сезімге бөлену, қуану мен қайғыру, таңдану мен абыржу сияқты құбылыстар тіл арқылы сыртқа шығады. Адамның ерекше психикалық күйінің бірі – ашу.

Ашу – ыза, кейіс, реніш, араздық түрінде көрініс беретін адамның мінезі мен көңіл-күйінің жағдайы. Ашу оған әсер еткен қолайсыз нәрселерге жауап ретінде ашулы, ызалы, кекті, қаһарлы түрде көрінеді (Жарықбаев, 2006: 3876).

Ашу – ыза, реніш, кейіс; бұлқан-талқан күй (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 7446).

\*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Филологтарды даярлау білім беру бағдарламасы, chukenaeva@mail.ru

Психолог Қ.Жарықбаев өз еңбегінде «ашуға» былайша анықтама берген: «Ашу – адам бойына керекті бір қажеттіліктің орындалмауы негізінде пайда болатын психологиялық күй».

Қазақ тілінің синонимдер сөздігінде агрессия сөзінің семантикалық өрісін мынадай сөздер құраған: «ашулану», «ренжу», «ызалану», «долдану», «долыру», «зығырлану», «шатынау», «бұрқану», «шамырқану» (Қазақ тілінің синонимдер сөздігі, 2005: 720).

Агрессия сөзі латыннан аударғанда «aggredi» – «шабуылдау» деген мағынада қолданылады. Агрессия – қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың шиеленісінен туындайтын деструктивті мінез-құлық. Агрессия ашулану, ызалану әрекеттерімен сипатталады. Агрессияға қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Ашу дегеніміз – ыза, реніш, кейіс, бұлқан-талқан күй» деген анықтама берілген (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2008: 968). Бұл теорияның ең алғаш негізін қалаған австриялық дәрігер-психиатр Зигмунд Фрейд болды. Агрессия туралы Л.Блендер, А.Басс, А.Уилсон, Ф.Аллан, Д.Зильман, Х.Дельгадо, Э.Фромм т.б. психолог-ғалымдар өздерінің зерттеу еңбектерінде қарастырды (Ахметтаева, Ережепова, 2013: 296). Тілдік агрессия ұғымын В.И.Жельвис, Л.В.Енина, Т.А.Воронцова, А.К.Михальская, Л.М.Семенюк, А.Басс, К.Е.Изард, А.А.Леонтьев, т.б. зерттеуші ғалымдар зерттеп, түрліше жіктеген.

Тілдік агрессия – іштегі жағымсыз эмоцияларды, сезімдерді, дөрекі, тұрпайы сөзермен жеткізу, тіл тигізу әрекеті. Тілдік агрессияның туындауына әртүрлі жағдайлар себеп болады. Жек көру, ашулану, өкпелеу, ызалану, жақтырмау сезімдерінің әсерінен тілдік агрессия туындайды. Тілдік агрессия – адамның өзінің жағымсыз эмоцияларын, әртүрлі сезімдерін біреуді балағаттау, боқтау арқылы, анайы, қоғамда жат сөздер арқылы шығару.

Тілдік агрессия дегеніміз – адресанттың адресатқа коммуникативтік тұрғыдан залал (тіл тигізу, кемсіту, мазақтау, қорлау) келтіруге мақсатты түрде (өзін таныту, өзін-өзі қорғау үшін) тыйым салынған тәсілдер арқылы жүзеге асыру. Тілдік агрессияның негізгі түрлері мен формаларына қорлау, дұшпандық, қоқан-лоқы көрсету, дөрекі жауап қайтару, жазғыру, келемеждеу, шағымдану, сөз тасу және жала жабу, ұрыс-керіс жатады (Таусоғарова, Қарымсакова, 2013: 156).

«Öfke», TDK'nin internet adresindeki Güncel Türkçe Sözlük'te, «Engelleme, incinme veya gözdağı karşısında gösterilen saldırganlık tepkisi, kızgınlık, hışım, hiddet, gazap» olarak tanımlanmaktadır. Öfke hem hayvanda hem insanda görülen yaratılıştan gelen doğal bir duygudur. Temelde, kişi herhangi bir engelle karşılaştığı an öfkelenir» (Akin ve Akin, 2016).

Қазақ тарихында адамның психологиялық ерекшеліктері жайлы, олардың адам өмірінде атқаратын қызметі туралы А.Құнанбайұлының (Қара сөздері мен өлеңдерінде), Ш.Құдайбердіұлының («Үш анық», «Мұсылмандық шарты»), Ж.Аймауытовтың («Психология»), М.Жұмабаевтың («Педагогика»), т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Абайдың шығармаларында көбінесе басты тақырып ретінде адамның өзін, адамның моральдық тұрғыдағы бейнесін, сыртқы портретін, іс-әрекетін, мінез-құлқын, т.б. алынған (Түйте, 2009: 1276).

Ыза шығар білімнен  
Қайғы мен ыза шыққан соң,  
Зар шығады тілімнен (Абай).

Хакім Абай «ыза шығар білімнен» деп жазады. Ыза деп нені сипаттаған? Біріншіден, ыза дегеніміз – адамның басты қуат-көзі. Ыза бір нәрседегі түсініспеушіліктен туындайды, сол үшін адамға қуат керек. Ыза екі түрмен ажыратылады, біріншісі – адамның бір іс туралы түсінігі, ойы, екіншісі – белгілі бір адаммен келіспеушілік. Ыза ешқандай ырыққа көнбейтін ашудың көрінісі. Ал ашу дегеніміз шайтандыққа жатады, оны тек сабырмен жеңеді (Абай, 1994: 198).

Абай «ашу» психикалық жай-күйін жағымсыз сезімге жатқызады. Ол ашудың екі түрін көрсетеді: бірінші сипатта, біреуге тіл тигізу арқылы немесе оқыс бір оқиға негізінде туындайтын ашу, ол тез арада тарқап кетеді, екіншісі, сыртқа шығармай, іште сақтайды. Ашуға мінгенадам аз сөйлеп, ішіне сақтаса оның қуаттылығын білдіреді, ал егер аузына келгенін айтып, мазасыздық танытса, я мақтаншақ не болмаса қорқақ екенін аңғартады.

Абай шығармаларында адамның «ашу» психикалық жай-күйін, сипаттайтын тіркестер кездеседі: ызалы жүрек, долы қол, ащы тіл, асау жүрек, т.б.

Зерттеуші А.Құдиярова «Шәкәрімнің психологиялық көзқарасы» атты мақаласында Шәкәрімнің адамның психофизиологиялық сезімдеріне қаһар, жеккөру, сүйіспеншілік секілді сезімдерді жатқызатынын айтады. Бұл сезімдер адамның бет-бейнесінде көрініс табатын жанның әрекеті екенін, жан келтірілген сезімдерді бастан кешкен жағдайда тән қиын жағдайларға тап болады дейді (Шәкәрім, 2008: 198).

*Ш.Құдайбердіұлының «Үш анық» өлеңінде былай дейді:*


*Жан – қожса, тән дегенің – жанның құлы,*

*Нәпсіге неге білмеген бұрын мұны.*

*...Тән – терезе, қарайтын жан иесі,*

*Жаннан шығар ақыл мен ойдың шыны (Құдайбердиев, 1988: 339).*

Қазақ тіліндегі «ашу» сөзінің семантикалық өрісін төмендегідей көрсетуге болады:



Сурет -1. «Ашу» сөзінің семантикалық өрісі

«Ашу» ұғымын білдіретін лексика зат есім, сын есім, етістік, одағай, еліктеуіш сөзден жасалады.

Ғалым Е.Түйтенің пікірінше, зат есімдерден жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика екі түрлі жолмен жасалады: аналитикалық және синтетикалық.

1) аналитикалық жолы ашу сөзіне басқа да синонимдік қатарлардың тіркесіп не бірігіп келуі арқылы жасалады. Мысалы: ашу-араз, ашу-араздық, ашу-зіл, ашу-кек, ашу-намьс, ашу-жанжал.

2) синтетикалық тәсіл арқылы әр түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: қазақ тілінде: ашуландыру, ашуланғыштық, ашулану, ашуланшақтық, ашуланьсу; қырғьз тілінде: ачуулан, ачуулант, ачуулануу.

«Ашу» психикалық жай-күйінің заттық формадағы ұғымына тіліміздегі мынандай сөздер енеді: ашу, қаһар, ыза, зығыр, кейіс, реніш, зіл, кек, айбар, ызақорлық, шаялық, күйгелектік, долылық т.б.» (Түйте, 2009: 1276).

Сын есімдерден жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

Мұның да жасалу жолы аналитикалық және синтетикалық тәсілмен жүзеге асады. Мысалы: қазақ тілінде: ашу-аразсыз, ашу-зілсіз, ашукор, ашулы, ашуланғыш, ашушаң, ашуланшак; қырғыз тілінде: ачууланьш, ачуулуу. Бұл қатардағы «ашу» психикалық жай-күйінің ұғымына тіліміздегі мынандай сөздер енеді: ашулы, ызалы, қаһарлы, долы, айбарлы, зэрлі, шамшыл, жабыраңқы, түнеріңкі т.б.

Қара, сұр, көк, қызыл түстері арқылы да «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексиканы беруге болады. Мысалы: *сұрлану, көкбеттену, көк айыл, қызыл кеңірдек болу т.б.*

Етістіктен жасалған «ашу» психикалық жай-күйіне қатысты лексика:

Бұл берілген құрылым түрі аталған жай-күй семантикасына төмендегідей етістіктер жатады. Мысалы: қазақ тілінде: ызалану, долдану, күйіп-пісу, бұрқану, жындану, ызақорлану, долыру, алабұрту, зығырлану, тұлдану, шамырқану т.б.; қырғыз тілінде: ачуулан, ачуулант, ачуулануу.

Бұл жай-күйдің синонимдік қатарын төмендегідей етіп көрсетуімізге болады: ашулану, әкірендеу, ызғарлану - талағы тарс жарылу, терісіне сыймау, қанын ішіне тарту, шырт ете қалу; екі көзі қанталау, атарға оғы болмау; қаһарын төгу; ала көзімен ату; қабағын тарс жабу; қаны қайнау, қаны қараю; зығырданы қайнау; ашу кернеу.

Тілімізде «ашу» психикалық жай-күйіне байланысты төмендегідей одағай сөздер кездеседі:

- *Өшір үніңді. Жүр - р!* – деді де, Еламан кішкентай қағілез жігітті дедектетіп сүйрей жөнелді (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»).

- *Әлгі қақбастың қайдан келгенін білмеймін. Шалым барда бес аршын жаулықты қайқайтып тартып, ақ інгенге алшая мініп шыққанда алдыма әйел түсетін бе еді дейді. Ой, атаңа нәлет! Ой, қақбас ит!* (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»).

Бұл күйді беруде келесідегідей бейнелеуіш еліктеуіш сөздер де кездеседі: *денесі қалш-қалш етті, тістері сақ-сақ етті, көздері жалт-жұлт етті т.б.*

«Ашу» психикалық жай-күйінің лексикалық құрылымы метафоралық және фразологиялық үлгілері арқылы төмендегідей етіп беріледі:

«Ашу» психикалық жай-күйіне байланысты тұрақты тіркестер:

«Ашу» психикалық жай-күйін білдіретін тұрақты сөз тіркестері өте көп. Мысалы: қазақ тілінде: *аузынан жалын атты, ашу биледі, ашуы жауған қардай, шөккен нардай, аюдай ақырды, алқымына ашу тығылды, алара қарады, ақ сайтаны ұстады, айдаһардай ысқырды, абжыландай толғанды, айбар шашты, бұлқан-талқан болды, бурадай бұрқылдады, бұрқ-сарқ болды, жалын атты, жеп қоя жаздады, екі иығынан демалып отыр, екі иығын жұлып жеді, дауыс көтерді, түгі сыртына шықты, жауатын бұлттай түнерді, жарыла жаздады, кек кернеді, күшке мінді, қабағы жабылды, қаны қарайды, қаһарға мінді, құйқа тамыры шымырлады, қытығына тиді, намысы қозды, өңеші үзілгенше бақырды, өңі тұтқыштай күйді, өті жарылды, сабасына сыймады, сайтаны ұстады, сөз көтере алмады, танауы делдиді, терісіне сыймады, тиісерге қара таппау, тұлған тұтты, тұтана түсті, түгін бетіне шашты, шап ете түсті, шыж-быжы шықты, шытынай қалды, ызасы келді, ызғар шашты, іші қазандай қайнады, өз шашын өзі жұлу, зығыры қайнады, көзінен от шашты, тісін қайрау, заһар шашты, мінез көрсету, ашуға міну, есінен адасу, көзі шатынады, сол аяғынан тұру, кәрі жыны қозды, ит арқасы қозды, жыланша ысқырды, жарыла жаздады, ит жыны қозды т.б.*

Қырғыз тілінде: *ачуу басар, ачууга алдыруу, ачуусу бетине чыгуу, ачуусу кайноо, ачуусу мурдунун учунда, ачуусу үстөмдүк кылды, аюудай бакырды, ажыдаардын күйругун басуу, үнүн көтөрдү.*

Түрік тілінде: *öfkesi kabarmak, öfkesi topuklarına çıkmak, öfkesini yenmek, sinir harbi, sinirlerine hakim olamamak, siniri bozulmak, sinirleri boşalmak, öfkesini birinden çıkarmak.*

«Ашу» психикалық жай-күйіне қатысты мақал-мәтелдер:

Қазақ тілінде: *ас тасыса қатығы төгілер, ашу тасыса ақылы төгілер; ашу – дұшпан, ақыл – дос; қатты жауған күн тез ашылады, қатты ашуланған кісі тез басылады; ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ, шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ; жақсы кісінің ашуы – торғын орамал кепкенше; жақсының сөзі ақыл шақырады, жаманның сөзі ашу шақырады; қатын ашуланса қазан қайнатар; ашуың келсе қолың тарт, айтпас жерде тілің тарт; ашу алдында, ақыл соңында; ашу арындайды, ақыл артынан аяңдайды; ашу - ердің айбары; ашу келсе ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса, ашу не етер; ашу жұту – тау жұту; ашулы артынан өкінер; ашулының алдында тұрма, ашулы атасына қарамайды; ашушаңның анты болмайды, сабырсызға дәулет қонбайды; ашу шабыстырады, ақыл жарыстырады; ашуланса көшке берген тайлағын қайтып алар; аш кісінің ашуы жаман; айға шапқан арыстан, ашуына болайын, жауға шапқан батырдың, тасуына болайын, үйде қалған қорқақтың, сасуына болайын; мал ашуы – жан ашуы; ит ашуын тырнадан алады; ит ашуын мысықтан алады т.б.*

Қырғыз тілінде: *адамдын адамкерчилиги, ачуусу келгенде билине; ачуу — душман, акыл – дос; ачуулунун астынан чыкпа; ачууну акыл жеңет; ачууну ачуу басат; ачуусу чукул – айыпка жыгылат; баатыр – согушта, акыл – ачуу келгенде, дос – зарылдыкта сыналат; базар барга – таттуу, жокко – ачуу; балды сүйсөң, аарынын ачуусуна чыда; битке ачууланып, тонуңду отко жакпа; биттин ачуусун сиркеден алат; бүгүнкү ачууну эртеңкиге кой; бүгүнкү ачууңду эртеңкиге калтыр; оң колуңдун ачуусун, сол колуң менен бас; чын жакшынын ачуусу бар, кегі жок.*

Түрік тілінде: *acındırırсан arsız olur, acıktırırсан hırsız olur, öfkeyle kalkan, zararla (ziyanla) oturur, uyuyan yılanın kuyruğuna basma (basılmaz), yavaş atın tekmesi yavuz olur, öfkeli insanda akıl olmaz, öfke baldan tatlıdır, çabuk parlayan, çabuk söner, kılıç kınını kesmez, keskin sirke küpüne zarar verir, öfke, kör bir kılıç gibidir, öfke, ateşe benzer, küçük bir kıvılcım büyük bir yangına dönüşebilir, öfke, düşüncenin düşmanıdır, öfke, insanı kördüğüm yapar, öfke, zehirli bir ok gibidir, öfke, düşmanın en büyük silahıdır, öfke, insanı aptal yapar, öfke, insanın en büyük düşmanıdır, öfke, insanın aklını başından alır, öfke, insanı yıpratır.*

Erhan Akin, Erdem Akin «Türkiye türkçesi atasözlerinde öfke ve öfke kontrolü üzerine bir inceleme» атты мақаласында ашу және оны басқаруға қатысты келесідей мақалдарды көрсетеді: *öfkede akıl olmaz, keskin sirke kabına (küpüne) zarar(-dır), deliye taş atma başını yarar (başına taş yağdırır), kanı kanla yumazlar, kanı su ile yurlar, İki testi çarpışınca biri kırılırsa biri de çatlar, köpek sürünmekle etek kesilmez, İtle (köpekle) dalaşmaktan çalıya dolaşmak yeğdir (köpeğe dalanmaktan çalıya dolanmak yeğdir), ne yavuz (aşkın, azgın) ol asıl, ne yavaş (şaşkın, miskin) ol basıl, el elden kalmaz, dil dilden kalmaz, er gönüllü ibrişim, dolaşırsa açılmaz, her deliğe (taşın altına) elini sokma, ya yılan çıkar ya çıyan, iş amana binince kavga uzamaz, öfke gelir gider, kelle gider gelmez, öfke gelir göz kararır, öfke gider yüz kızarır, öfke baldan tatlıdır, arı kızdıranı sokar (Akin, Akin, 2016).*

«Ашу» психикалық жай-күйінің тілдік емес белгілеріне мимика, пантомимика, бет-әлпеттің түр-түсі, дауыс ырғағы, жүрек соғысы, секреторлы бездер қызметі, тыныс алу қызметі, дене температурасы жатады.

Мимика. Бұл топта аса маңызды рөлді адамның көзінің іс-қимылы атқарады:

*көзі қанға толу, көзі жалындау, көзінде ашу тұну, көз алару* т.б.

Ал қалған өзгешеліктер адамның толық бет әлпетіне байланысты болып келеді: *тісін қайрау, ерні көгеру, қаны басына шығу, т.б.* Мысалы:

Пантомимика. Бойын ашу кернегенде адамның діріл қағуы, саусақтарын жыбырлатуы, орын таппауы, т.б.

Бет-әлпеттің түр-түсі: *ашуланғанда түр-түстің өзгеруі*. Мысалы: Кәлен құдды осылай боларын біліп келгендей шіміріккен жоқ, екі солдаттың сырт жағында *сұп-сұр* боп сазарып алған Тәңірбергенге қарады (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер» 1-кітап).

Дауыс ырғағы. Кейде қатты ашуланған адамдардың дауысы шықпай тұтығып, булығып сөйлей алмау құбылыстары да ұшырасып жатады. Ашуланғандықтан қатты сөйлеу, айқайлау, дауыс көтеру, дауыс ырғағынан дірілдің байқалуы т.б. сияқты құбылыстардан да «ашу» психикалық жай-күйін байқаймыз. Мысалы: Соңындағы сүмендеген қолға: «ананың үнін өшіріңдер!» деп *ақырып* қалды (Д.Досжан «Жібек жолы»).

Жүрек соғысы (қызметі) немесе қан қысымы: жүрек соғысының үдеуі, қан қысымының өзгеруі... Мысалы: Мұндай күллі жұртқа абыройын шашып, ағаларын жерге қаратар демеп едім, - деп күйіп-пісіп, *қан қысымы көтеріліп кетті* (С.Досжан «Көрдемшінің қасіреті»).

Секреторлы бездер қызметі: *ашудан жылау, өксіп жылау*, т.б. Мысалы:

Бір-екі рет *дауыстап ұрсып*, Ырысбекті шақырып алмақ та болған (Е.Жеңісұлы «Мынау ғазиз дүние»).

Тыныс алу қызметі: *ашуға булығыу, ызадан тұншығып дем ала алмау, ашудың демді тарылтуы*, т.б. Мысалы: Әбілқайыр *ашуға булығып, демігін*, сөйлей алмай қалды. Бахтияр сұлтанда да үн жоқ, орданың ішінде шыбынның ызыңы естілердей ауыр тыныштық орнады (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Тіліміздегі *ентігу, демін әзер алу* сөздері ашулануды да білдіреді.

Дене температурасы: *Адамның дене температурасының жоғарылауы*.

Ашулану психологиялық үдеріс ретінде ең алдымен адамның бет-пішінінен аңғарылады. Ашуланғанда адам ернін қатты қысып, тілін тістеп, қасын керіп, қабағын түйеді.

Қазақ тілінде «ашу»-ға байланысты, яғни оны берудегі өзіндік ерекшелігіміз – ер адам мен әйел адамның ашулану қасиеті әр бөлек. Мұны кезінде Әл-Фараби бабамыз: «Күшке бейім тұратын психикалық қасиеттерді – мәселен қаһар (ашу) мен қаталдықты алатын болсақ, бұлар әйелдерде осалдау, ерлерде күштірек» деп айтып кеткен болатын. Осыған орай, көбінесе ер адам ашуланса, ол қатты ашуға булығып, қаһарланады. Қаһарлану – ерлер үшін ашуланудың ең жоғарғы түрі. Ал әйел адам болса, ол ер адам сияқты қаһарланбайды, долданады. Осыған орай әйел затына байланысты тілімізде *долы, көк долы, көк айыл, көкбет, көк, долдану* сияқты сөздер де кездеседі.

Тілдік емес амал-тәсілдерді жинақтай келіп, «ашу» психикалық жай-күйінің төмендегідей берілу жолдарын көрсетуімізге болады:

Соматикалық қимыл-қозғалыстар арқылы (көз, қабақ т.б.):

- Шабытына мінген жырау, ат сабылтып шауып келе жатқан аңшы тәрізді, бекер тоқтаттың, хан ием, деді Асан қалың *қабағын түйіп*, сөйтті де ар жағынан келіп қалған ызасын ұстай алмай түксиген қабағынан қыраулы қыстай кәрін төгіп, көптен бері айтайын деп жүрген өкпе-ашуын толғай кетті (І.Есенберлин «Көшпенділер»).

Қарапайым, бейпіл сөздер (бұл сөздерді айту барысындағы шектен тыс шығу қимылдары) арқылы (оттама, есуас, нақұрыс, әкенің аузын, енеңді ұрайын т.б.):

- Ей, оттама, Қабимолла қария сенің атқа жеңіл телпегің емес, ұқтың ба! – деп қалды, Сәдейге зығыры қайнап ширығып тұрған көпшілік оны қостап шу ете түсті (Оразхан Ахмет «Құмдағы іздер»).

Бұйрық мәнді зілді сөздер арқылы:

- *Тоқта!* Мен өз аяғыммен келіп тұрмын. Мені байлау қиын емес. Баламды босатыңдар! (Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»).

Интонация, эмоционалды сөздер арқылы. Тілімізде «ашу» психикалық жай-күйінің өрісін (сөйлем ішінде, контекст, мәтінде) өріс негізіндегі шеткі сөздерден (ыза, кек, қаһар, т.б.) басқа, эмоционалды сөздермен де беруге болады. Мысалы:

Әлгінің даусы жер астынан шыққандай аса зәрлі естілді (Д.Досжан «Жібек жолы»).

- Ә-ә, солай ма? Неге сонда? – деген үнінде естіген құлақты еріксіз тіксінетін зәрлі зіл бар (Н.Ақыш «Қиқар жауынгер»).

Бұл сөйлемдерде ашудың көрінісін сөйлеуші кейіпкердің дауыс ырғағынан, интонациясынан, сөйлем қолданыстарынан оңай байқауға болады. Демек «ашу» жай-күйін тек қана өзіне қатысты синонимдер немесе фразеологизмдер арқылы ғана емес, эмоционалды сөздер арқылы да беруге болады. Мұндай сөйлемдерде көбінесе оқшау сөздер белсенді рөл атқарады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

Ахметтаева С.С., Ережепова Ж.Қ. Зорлық-зомбылық және қаталдық белгілерінің көрінуі мен балалар агрессивтілігі деңгейін анықтау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. – Астана, 2013. -209 б.

Жарықбаев Қ.Б. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. Сөздік-словарь баспасы. 2006. -387б.).

Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-255 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. –Алматы, 2011. -744б.

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Алматы: Арыс, 2005. -720 б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.

Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988.-339 б.

Сарышева К.С. Эмоцияны бейнелейтін қазақ фразеологизмдері. – Алматы: Асылкітап. 2011. -192б.

Таусоғарова А.Қ., Қарымсакова Р.Д. Қорлау және жала жабу: сарапшының көзқарасы. Алматы: Әділ сөз, 2013. - 152 б.

Түйте Е.Е. Адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымы мен семантикасы. Монография –Қарағанды, 2009. -127б.

Хакім Абай (даналық дүниетанымы). Атамұра-Қазақстан.–Алматы, 1994. -198 б.

Шәкәрім. Энциклопедия./ Бас ред. Сыдықов Е.Б.– Семей, 2008.-864 б.

Erhan Akin, Erdem Akin. (2016). Türkiye türkçesi atasözlerinde öfke ve öfke kontrolü üzerine bir inceleme. The Journal of Academic Social Science.

